

"Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 474 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 маусымдағы № 406 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 474 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

такырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырган Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулемен бекітілген Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнін кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 18 маусымдағы
№ 406 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 3 мамырдағы
№ 474 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға айырманы өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналды лауазымында болған лауазымды адамдарға (бұдан әрі – халықаралық ұйымдардың қызметкерлері) өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысы бөлігінде Заңдың 25-бабының 3, 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарында және 29-бабында көзделген ақшалай, әлеуметтік, зейнетақылық және медициналық қамтамасыз етудегі айырманы өтеу тәртібін айқындайды.

2. Айырманы өтеу республикалық бюджетте тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады.

3. Халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне лауазымдық жалақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық валютада Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің (бұдан әрі – шет елдегі мекемелер) персоналына көзделген мөлшерде белгіленеді.

Халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне лауазымдық жалақының айырмасын шетелдік валютада өтеу жүргізілмейді.

4. Шет елдегі мекемелерде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналды бөлігінде халықаралық ұйымдардың қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жылyna бір рет жүзеге асырылатын өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысын және жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысында жол жүру бойынша шығысты өтеуді қоспағанда, халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген айырманы өтеу есепті жылы екі рет жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда есепті жыл 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік жыл болып табылады.

Халықаралық ұйымдағы жұмыс есепті жыл ішінде аяқталған кезде халықаралық ұйым қызметкеріне өтеу жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Ағымдағы қаржы жылы халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне айырманы өтеу халықаралық ұйымда жұмыс басталған күннен бастап саналады, ол еңбек шартында немесе халықаралық ұйымның ішкі актісінде айқындалады.

6. Штаб-пәтерлөрі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық үйымдардың қызметкерлеріне Заңның 25-бабының 3, 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарында көзделген айырманы өтеу жүргізілмейді.

7. Халықаралық үйымның қызметкөрі айырма өтемін алу үшін болу мемлекетінде шет елдегі мекемеге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті халықаралық үйымның анықтамасын:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі шығысты;

2) лауазымға тағайындалған кезде халықаралық үйымға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін халықаралық үйым қызметкерінің қайтып оралуына, сондай-ақ жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысының берілуіне не отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көлік шығысын;

3) халықаралық үйымда жұмыс істеген кезеңде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жөніндегі шығысты;

4) өкілдік керек-жарап құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысын төлеуге алынған нақты қаражат сомасын міндettі түрде көрсетіп ұсынады.

Егер жоғарыда келтірілген шығыстардың қандай да бірі бойынша қаражат халықаралық үйымда бөлек төленбесе және жалақының бір бөлігі болып табылса, бұл сома да ұсынылатын анықтамада бөлек көрсетілуге тиіс.

Халықаралық үйымның қызметкөрі ұсынатын анықтамаға халықаралық үйымның қаржы қызметінің басшысы қол қояды және оның мөрімен расталады.

Анықтама халықаралық үйим қызметкөрі айырманы өтеу үшін шет елдегі мекемеге жүгінгенге дейін күнтізбелік 30 күннен ерте берілмеуге тиіс және Қағидалардың осы тармағында көрсетілген шығыстардың әрбір түрі бойынша қаражат алуға немесе алмауга қатысты толық ақпаратты қамтуға тиіс.

8. Анықтамада Заңның 25-бабының 8 – 14-тармақтарында көзделген оқиғалар болған жағдайда алынған қаражат жөніндегі мәлімет қамтылуға тиіс.

9. Халықаралық үйымның қызметкөрі анықтамаға мынадай растаушы құжаттарды:

1) осы Қағидалардың 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шығыс бойынша – сақтандыру полисінің және сақтандыру шартының (бар болса) көшірмесін, жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда көрсетілген медициналық қызметтің көлемі туралы ақпарат қамтылатын халықаралық үйимның анықтамасын немесе тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алынғанын растайтын құжаттарды;

2) осы Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген шығыс бойынша – авиабилеттер мен отырғызу талондарын, шот-фактураны не түбіртекті;

3) осы Қағидалардың 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шығыс бойынша – балаларды оқытуға арналған шарт көшірмесін (бар болса) және тиісті білім беру қызметіне ақы төлеу туралы түбіртектердің көшірмесін;

4) осы Қағидалардың 7-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шығыс бойынша – өкілдік керек-жарақ заттарын сатып алу фактісін растайтын төлем құжатын (тауарлық чек, шот-фактура);

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы № 1056 қаулысымен бекітілген Дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе жұмыскеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында өздерінің қызметтік міндеттерін не соларға байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залалды өтеудің ережесіне сәйкес Заңның 25-бабының 8 - 14-тармақтарында көзделген оқиғалардың болғанын растайтын құжаттарды қоса береді.

10. Халықаралық ұйымның қызметкері шет елдегі мекемеге осы Қағидалардың 7 және 9-тармақтарында көзделген құжаттарды мынадай мерзімде:

бірінші жартыжылдық үшін – есепті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей;

екінші жартыжылдық үшін – есепті жылдың 25 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

Халықаралық ұйымдағы жұмыс есепті жыл ішінде аяқталған жағдайда халықаралық ұйымның қызметкері еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) басталған жағдайларды қоспағанда, халықаралық ұйымдағы жұмыс аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс көлік шығысы мен медициналық қамтамасыз етуге арналған шығысты қоспағанда, осы Қағидалардың 7 және 9-тармақтарында көзделген құжаттарды халықаралық ұйымдағы жұмыс аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей ұсынады.

11. Халықаралық ұйымның қызметкері анықтамалар мен растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін болу мемлекетіндегі шет елдегі мекеме халықаралық ұйымның қызметкері ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және осы Қағидалардың 7 және 9-тармақтарында көзделген құжаттар толық ұсынылған жағдайда халықаралық ұйымның қызметкері бойынша шет елдегі мекеменің персоналымен салыстырғанда осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкес теңестірілген лауазымы бойынша өтелуге тиіс айырма сомасын шығарады және құжаттарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жолдайды.

Анық емес және (немесе) толық емес мәліметтер ұсынылған жағдайда шет елдегі мекеме құжаттарды халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген жоғарыда көрсетілген адамдарға үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, бірақ ағымдағы қаржы жылышының 1 қантарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын, осы Қағидалардың 12-тармағында бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету үшін белгіленген мерзімнен кешіктірмей құжаттар топтамасын осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарады.

12. Шет елдегі мекеме Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне есепті жылы екі рет осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша халықаралық үйымның әрбір қызметкері бойынша төлем жөнінде:

бірінші жартыжылдық үшін – есепті жылдың 15 шілдесіне дейін;

екінші жартыжылдық үшін – есепті жылдың 5 желтоқсанына дейін есеп береді.

Шет елдегі мекеме осы Қағидаларда талап етілетін құжаттар топтамасын уақтылы және (немесе) толық көлемде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шет елдегі мекемеге айырманың тиісті сомасын аударудан бас тартады.

Қазақстан Республикасынан халықаралық үйымдарға жұмысқа жіберілген лауазымды адамдарға өткен жылы жүргізілген шығыстар үшін айырманы ағымдағы қаржы жылы өтеуге жол берілмейді.

13. Төлем бойынша есепті алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өтелуге тиіс айырманың тиісті сомасын: шет елдегі мекемелерге – шетелдік валютада, халықаралық үйим қызметкерлерінің жеке шоттарына – ұлттық валютада аударады.

Қазақстан Республикасынан
халықаралық үйымдарға
жұмысқа жіберілген, бұрын
дипломатиялық қызмет
персоналы лауазымында болған
лауазымды адамдарға айырманы
өтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Анықтама

1. Халықаралық үйим қызметкерінің Т.А.Ә (бар болса): _____

2. Халықаралық үйымның атауы: _____

3. Халықаралық үйымдағы лауазымы: _____

4. Есепті кезең: _____ бастап _____ дейін

5. Валюта атауы (АҚШ доллары/евро): _____

P/c №	Төлем атауы	Халықаралық үйымдағы төлем сомасы	Ескертпе
1	2	3	4
1	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша және міндепті		

	элеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі шығыс		
2	Лауазымға тағайындалған кезде халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімі аяқталған кезде халықаралық ұйым қызметкерінің қайтып оралуына, жыл сайынғы ақысы төленетін енбек демалысының берілуіне, отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көлік шығысы		
1	2	3	4
3	Балаларды оқыту бойынша шығыс, оның ішінде: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша шығыс бастауыш білім беру бойынша шығыс негізгі орта білім беру бойынша шығыс жалпы орта білім беру бойынша шығыс		
4	Өкілдік керек-жаралқ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақысы		
5	Барлығы		

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заны 25-бабының 8 – 13-тармақтарында көзделген оқиғалар болған жағдайда қосымша

5			
	Барлығы		

Халықаралық ұйымның қаржы қызметінің басшысы _____
(Т.А.Ә) (бар болса), қолы) М.О.

Қазақстан Республикасынан
халықаралық ұйымдарға
жұмысқа жіберілген, бұрын
дипломатиялық қызмет
персоналды лауазымында болған
лауазымды адамдарға айырманы
өтеу қагидаларына
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің атауы

Төлем бойынша есеп

1. Халықаралық үйым қызметкерінің Т.А.Ә (бар болса): _____
2. Халықаралық үйымның атауы: _____
3. Халықаралық үйимдағы лауазымы: _____
4. Есепті кезең: _____ бастап _____ дейін
5. Валюта атауы (АҚШ доллары/евро): _____

P/c №	Төлем атауы	Теңестірілген лауазым бойынша Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіндегі төлем сомасы	Халықаралық үйимдағы төлем сомасы	Бюджет қаражаты есебінен өтеуге жататын айырма сомасы
1	2	3	4	5
1	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бойынша және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі шығыс			
1	2	3	4	5
2	Лауазымға тагайындалған кезде халықаралық үйимға жұмысқа жіберілуіне, жұмыс мерзімінің аяқталуы к е з і н д е халықаралық үйим қызметкерінің қайтып оралуына, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының берілуіне, отбасы мүшелері бірінің қайтыс болуына байланысты көлік шығысы			
	Балаларды оқыту бойынша шығыс оның ішінде: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен			

	оқыту бойынша шығыс			
3	бастауыш білім беру бойынша шығыс			
	негізгі орта білім беру бойынша шығыс			
	жалпы орта білім беру бойынша шығыс			
4	Өкілдік керек-жарапқ құнының жыл сайынғы ақшалай өтемақсызы			
	"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 8 – 13-тармақтарында көзделген оқигалар болған жағдайда қосымша			
5	Барлығы			

Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің басшысы Қолы
 Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің бухгалтері Қолы
 Құні Мөрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК